




# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропология және  
микротарих





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропология және микротарих  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** «Тарихи антропология» оқу құралында қарастырылатын мәселелердің бірі тарихи антропологияның микротарих деп аталатын саласы. Біз осы дәрісте микротарих бағытының қалыптасуын және ерекшеліктерін қарастырамыз.

## Негізгі идеялары:

### 1. Италиян микротарихы

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологи М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Бұл бағыттың К.Гинзбург, Дж.Леви, Эдоардо Гренди, С.Черутти сияқты көрнекті тарихшыларының негізгі бағдарламалық мақалалары бүгінде орыс тілінде жарияланғандықтан, олардың зерттеушілік мұратын танып-білуді жеңілдетеді. Басқа елдерде жұмыс істеп жүрген тарихшылардың түсініктемелерінде де олқылық жоқ.

“Микротарих” терминінің өзі 50-60 жылдары-ақ пайдаланылды (мысалы, Ф.Бродел, сондай-ақ француз жазушысы Раймон Кено еңбектерінде), бірақ жағымсыз және әжуа астарда, яғни “түкке тұрмайтын нәрсемен айналысатын” тарих синонимі ретінде қолданылды. 60 жылдардың соңында бұл терминді мексикалық зерттеуші Л.Гонсалес-и-Гонсалес өзінің туған деревнясы туралы кітап атауының тақырыпшасы ретінде салмақты мағынада қолданды. Соған қарамастан тек 70 жылдардың соңында бір топ италиян тарихшылары *microstoria* терминін жаңа ғылыми бағыттың туына айналдырды, және ол бүкіл әлемге осы атауымен әйгілі болды.

“*Quaderni storici*” журналы италиян микротарихының мінбесіне айналды, онда К.Гинзбург, Э.Гренди, К.Пони, Дж. Леви сияқты, осы бағыт көшбасшыларының мақалалары басылды. 1977 жылғы мақаласында Э.Гренди тұлғалар арасындағы қарым-қатынасқа талдау ретінде түсінілген микроталдауды әлеуметтік тарихта қолдану туралы айтты. Ол сондай-ақ аз қауымдастықтарды қарастыруда үлкен тәжірибесі бар антропологтар бақылауының мұндай тарихи зерттеулер үшін маңызды екенін де атап көрсетті. Бұл еңбекте “микротарих” термині әлі қолданылмаған болатын. Ол келесі жылы, К.Понидің “*Земледельческое хозяйство и микроистория*” атты кішігірім мақаласында көрініс берді.

К.Гинзбург пен К.Понидің 1979 жылы сол журналда “*Имя и игра: Неэквивалентный обмен и истриографический рынок*” деген тартымды тақырыппен жарық көрген мақаласы бағдарламалық сипатта болды. 70 жылдары Франция мен Италия арасындағы тарихнамалық алмасу тең сипатта болмағандығы анық: италиян тарихшыларының француз әріптестеріне бергенінен гөрі, алғаны көп болды. Гинзбург пен Пони бұл жағдайдан шығу жолын көрсетті: сол кезде “*Анналдар*” мектебі насихаттаған сандық және “сериялық” тарихқа қарама-қарсы, олар микротарих идеясын - Италия архивтерінде есімдері сақталған көптеген қарапайым адамдардың өзара қарым-қатынасы мен нақты өмірін антропологиялық рухта детальдық тұрғыда талдауды ұсынды.

Сол мақаланың қысқаша нұсқасын французша жариялаған авторлар оған “Микротарих” деп ықшам ат қойды. Осылайша, шын мәнінде, 60-жылдардан бастап қалыптасқан жаңа бағыт (К.Гинзбургтің атақты екі кітабында - *Бенандантилер* (мейірімді жүргіншілер) (1966) мен *Диірменші-философ Меноккио* туралы (1976) - микротарихи тәсілдің көптеген белгілері байқалады) ақыры өз атауын иеленді.

### 2. Жекелеген зерттеулер туралы

Дж.Левидің экзорцист (ред: шіркеу қызметшісі) туралы кітабы “*Эйнауди*” турин баспасынан “*Микротарихтар*” (дәл осылай көпше түрде - М.К.) сериясымен жарық көрді. Серия алғаш басталған 1981 жылдан 1992 жылға дейін, италиян тарихшыларының төл шығармаларымен қатар, шетелдік авторлар зерттеулері аудармасымен бірге 22 томы басылып шықты. Олардың ішінде К.Гинзбургтің “*Исследование о ПьероделлаФранческа*” (1981), Пьетро Редондидің “*Галлилей-еретик*” (1983), Дж.Левидің “*Нематериальное наследство*” (1985), А.Портеллидің “*Биография города*” (1985), Маурицио Грибаудидің “*Рабочий мир и рабочий миф*” (1987), С.Черуттидің “*Мастера и привилегии*” (1992), т.б. ерекше танымалдыққа ие болды. Аударылған басылымдардың қатарында Н.З.Дэвистің “*Возвращение Мартена Герра*”, Э.П.Томпсонның XVIII ғасырдағы Англиядағы тарихи антропология туралы мақалалар жинағы (осы сериямен 1990 жылға дейін шыққан кітаптар тізімін қарасаныз болды.

М.Грибауди мен С.Черуттидің аталмыш тізімдегі кітаптары сонымен қатар италиян микротарихының осы



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропология және микротарих  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

өкілдері тұратын және жұмыс істейтін Парижде, француз тілінде де шықты. Дж.Левидің “Нематериальное наследства” шығармасының неміс (1986), ағылшын (1988) және француз (1989) тілдерінде басылуы, сондай-ақ К.Гинзбург еңбектерінің 80 жылдардың аяғына қарай көптеп аударылуы микротарихтың Италия шеңберінен шығып, кеңінен мойындалғанының айқын дәлелі бола алады. Испанияда бұл бағытқа деген қызығушылықтың артуы 1990 жылдардың бірінші жартысында, ал Венгрия мен Финляндияда - ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында байқалды.

Осылайша, К.Пони мен К.Гинзбургтің болжамы орындалды: италян тарихшыларының өнімі ақырында әлемдік тарихнамалық “нарықта” бәсекеге қабілетті болды! Алайда, микротарихтың елдер мен құрлықтардағы осы жеңісті шеруін Италияда пайда болған идеяларды оңай пайдаланып кету деп түсіну қателік болар еді. Бұл бағыттың жетістігі ең әуелі оның негізін қалаған аталарының маңызды тенденциялар мен әлемдік тарихнама дамуының қажеттіліктерін дұрыс аңғарып, дұрыс тұжырымдай білгенімен түсіндірілді. Сонымен қатар, 2003 жылы қарашада Мәскеуде сөйлеген сөзінде К.Гинзбург атап өткендей, микротарихты қабылдау ерекшелігі әр елде әртүрлі, соның нәтижесінде бір-бірінен ерекше тарихнамалық үлгілер пайда болды.

Осылайша, Францияда микротарихтың болашағы зор зерттеу бағыты ретінде әрі қарай дамуына тарихшылар Ж.Ревель мен Б.Лепти белсенді түрде ықпал етті. 1990 жылдардың басында Әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеулер жоғары мектебінде микроталдау бойынша тарихшылар мен антропологтарды біріктіретін қоғамды зерттеуде микроталдауды қолдану мәселелері жөнінде үнемі өткізіліп тұратын семинар ұйымдастырылды. Бұл халықаралық ұжым жұмысына Ж.Ревель, Б.Лепти, М.Грибауди, Дж.Леви, С.Черутти, С.Лорига және басқа да танымал ғалымдар қатысты. 1996 жылы Ж.Ревельдің редакциясымен жарық көрген “Игры с масштабами: Микроанализ на практике” атты көрнекті жинақ осы талқылаудың нәтижесі болды (бұл жинаққа енген үш мақала - Ж.Ревельдің өзінікі, С.Черутти мен Э.Грендидікі бүгінде орыс тіліне аударылған). Грибауди мен Черутти кітаптарына қайта оралар болсақ, екі еңбектен де тек италян ғана емес, француз тарихи мектебінің де идеялары аңғарылатынын атап өткен жөн.

М.Грибаудидің кітабы (ол французша “Жұмысшылардың жүретін жолдары: ХХ ғасырдың басындағы Туриндегі әлеуметтік кеңістіктер және топтар”<sup>9</sup> деп аталады) өткен ғасырдың бірінші жартысындағы турин жұмысшыларының өмір жолын зерделеуге арналған. Оқиға куәгерлері естеліктерінің жазбалары мен ауқымды архив материалдары негізінде автор кешегі шаруалардың қалалық ортаға икемделіп енуін бақылайды, отбасылық стратегияларды, әлеуметтік бақылау мен жұмысшы кварталдарындағы өзара қарым-қатынас желісін зерделейді. Сондай-ақ жұмысшылар ортасындағы теңдікті қалыптастыру рәсімдері мен фашизм жылдарындағы ұрпақтар қақтығысы және сол дәуірдің басқа да өткір мәселелері зерттеуші назарын аударады. Жұмысшы табының әдеттегі біртекті және біртұтас бейнесінің орнына, зерттеуші жұмысшылардың күрделі және өзгермелі әлемін жүздеген адамдардың тағдырлар, үміттер мен түңілулер тоғысы ретінде ішінен көрсетеді.

### 3. С.Черутти еңбектері

Осыған ұқсас түйткілдерді С.Черутти де өз еңбегінде сипаттайды, аталған зерттеудің французша атауы “Қала және колөнерлер: корпоративті тілдің пайда болуы” деп аударылады. Бұл да Турин қаласы туралы, бірақ оның өткен дәуірдегі, XVII-XVIII ғасырлардағы сәтін арналған 10 (кітаптағы негізгі ойларды бүгінде орысша аудармасы бар мақаладан оқып білуге болады. Зерттеу таңғажайып деректі көрсетумен басталады: бүкіл XVII ғасыр бойы колөнершілік корпорациялар Туринде қандай да бір көрнекті рөл ойнаған жоқ, есесіне XVIII ғасырдың басынан бастап олардың маңызы күрт артады. Бұл құбылысты түсіндіруге зерттеуші халықты өзі таңдаған талаптары негізінде, алдын ала белгіленген әлеуметтік топтарға бөліп тастайтын дәстүрлі әлеуметтік тарих тәсілдері мүлде жарамайды. Черутти кезінде Э.П.Томпсонның ағылшын жұмысшы табының қалыптасуы жөніндегі әйгілі кітабында (1963) көрсетілген басқа жолды таңдады: Томпсонның ойынша, тапты құрылым ретінде емес, әлеуметтік қатынас ретінде қарастыру керек. Осылайша, жеке тұлғаны онсыз да түсінікті белгілі бір топқа қатысы бар деп есептеудің орнына, “бұл тәсіл талдау жолының өңін өзгертеді және әлеуметтік қарым-қатынастардың осы қауымдастықтарды, бірлестіктерді, түптің-түбінде әлеуметтік топтарды құратынын зерттейді. XVII-XVIII ғасырдағы Туриннің жүздеген тұрғындарының өмірбаянын қарастыра келе, зерттеуші олардың өзара және қалалық билік орындарымен күрделі қарым-қатынасын қайта құрастырады және туриндіктердің корпорациялар мен артықшылықтарға уақыт өте келе өзгертін қарым-қатынасын осы негізде түсіндіруге тырысады.

С.Черутти өз зерттеуін 1990 жылдары онсыз да түсінікті сияқты көрінген, италян микротарихындағы



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропология және микротарих  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

екі, яғни әлеуметтік және мәдени ағымның бар екені туралы бізге белгілі тезистен бастады. Алайда, зерттеушінің пікірінше, бұл ағымдардың бір-бірінен айырмашылығы, тіпті де олардың жақтастарының ғылыми мүдделері әртүрлі екенінде емес (яғни, бейнелеп айтқанда, біреулерін - асқазан, келесілерін - адамдардың бастары қызықтырады). Шын мәнісінде, микротарихшылардың барлығының мақсаты бірдей болып қалды. Келіспеушілік бұрынғы адамдардың мінез-құлқы мен мәдени “ресурстары” өзара қалай байланысқан деген сұрақ бойынша туындады. Бұл ретте, микротарихшылардың “әлеуметтік қанатының” (Черутти оған өзін де жатқызады) К.Гинзбургке бағытталған сыны ерекше: оған Меноккио әлеуметтік байланыстары желісін зерттемегені үшін кінә тағылды. Фриульск диірменшісінің өмірі ғалымға осы адамның күрделі космологиясын әрі қарай қайта құрауға қажетті трамплин ғана болды. Сол себепті микротарихтағы әлеуметтік және мәдени мектептер бөлінісін Черутти анық емес деп есептейді: оның ойынша, олардың арасындағы негізгі айырмашылық - екі бағыттың да мәдени үлгілерді зерттеуге қолайлы контекст құруға талпынысы жағдайында, жеке тұлға мінез-құлқы мен жалпы алғандағы әлеуметтік қатынастарға қандай маңыз беру керек деген мәселемен байланысты.

Бұл ретте микротарихтың екі бағытының да жақтастарының еңбектерінде әдістемелік кемшіліктер бар. С.Черутти өзінің XVII-XVIII ғасырлардағы Турин қолөнершілері корпорациялары туралы ертеректегі кітабы адамдардың (акторлардың) өмірлік тәжірибесіне бойламай, тек үстірт жазылғанын сыни тұрғыда айтып өтеді және жекелеген тұлғалардың өмірбаянын қайта жаңғырту олардың ішкі дүниетанымын ашып көрсетуге кепіл бола алмағанын мойындайды. Мұның сыртында, сол кезде ол қолданған “стратегия” ұғымы, рационалды таңдау рөлін айшықтайтын өзіндік қосымша сипаттарымен, кейіннен анахронизмді тудыратын тұжырым ретінде микротарихшылардың сынына ұшырады. Мінез-құлық стратегиясы ұғымы, Черутти айтпақшы, “тарихшыларды “оқиға” туралы “акторлардың” өзінің “нұсқасынан” сырт және одан “жоғары” аймақта зерттеу жүгізуге ынталандырады”. Дәл сондай тұжырымдамалық негіздер қандай да бір әрекеттің жалпы бағытын алдын ала айқындайды, өйткені мұндай тәсіл жеке тұлғаның әлеуметтік нормаларын қолдан өзгертуіне алғышарт болады. Осылайша, нақты іс-әрекет пен қолданыстағы норма арасында қарама-қайшылық туындайтыны о бастан белгілі болады және тарихшыға соны табу ғана қалады. Нәтижесінде “мінез-құлық нормалары мен үлгілері, мәдениет пен іс-қимыл әртүрлі зерттеу кеңістігінде болады”.

“Стратегия” ұғымынан көңілі қалған С.Черутти “акторлардың” өзінің тілі мен логикасына негізделген эмикалық талдауға, “іштей” көзқарасқа басымдық беруге итермеледі. Осы арада анықтай кететін жайт: адамдардың мінез-құлқын сипаттаудың түрлі тәсілдерін белгілеу үшін, “эмикалық” (emic) және этикалық (etic) деген терминдерді ғылыми айналымға шамамен жарты ғасыр бұрын америкалық лингвист Кеннет Л.Пайк енгізді. Эмикалық тәсіл қандай да бір жүйеге ішкі көзқарасқа, ал этикалық тәсіл соған сырт бақылаушының көзімен қарауға негізделеді.

Эмикалық тәсіл адамдардың іс-әрекетіне, мақсатына, тіпті қиялына мұқият көңіл бөлуді жөн көреді. С.Черутти айтпақшы, мұндай жағдайда нормаларды зерттеу әлеуметтік байланыстарды қарастырудың бір бөлігі болып шығады. Нормалар мен тәжірибелердің ара қатынасы өзара байланысты: олар бір-біріне ықпал етеді. Дәл осы эмикалық және этикалық тәсілдердің арасалмағы мәселесі микротарихтың зерттеу әдістері негізінде жатыр деп болжайды автор. Егер Черуттидің өзі эмикалық және этикалық тәсілдерді ғылыми талдаудың екі процедурасы деп есептесе, оның ойынша, К.Гинзбург оларды әртүрлі контексте көреді: оның біріне - белгілі бір мәдени үлгілерлі қолданатын адамдар тікелей қатысса, екіншісі - едәуір алыс және терең, мұнда сол үлгілердің өзінің тарихы байқалады.

С.Черуттидің өзінің атақты әріптесіне қойған негізгі кінәсі, мәтіннің контекстін ашуға қолданған принциптер мен тәсілдерді К.Гинзбургтің еш жерде анық жазбағанына байланысты болды. Тікелей бір контекстен келесі бір терең контекстке ауыса отырып, зерттеуші ұстанған бағыт әрі қарай бастапқы зерттеу нысанына тәуелді болмайды және ғалымның білімдарлығымен ғана анықталады; бұл өзектілігі артқан тарихи байланыстар мен параллельдерге де қатысты.

Зерттеудің бұл мозаикалық тәсіліне Черутти бірізді түрде жүргізілген эмикалық талдау жолын қарама-қарсы қояды. Мұндай жағдайда қолданыста бар мәдени дәстүрлерге адамдардың өздері қалай іріктеу жүргізгені ескеріледі. Бұл орынды-орынсыздығы бір зерттеуші арқылы ғана емес, “акторлардың” өздерінің мінез-құлық ерекшеліктерімен де бақыланатын мәдени контексті анықтауға мүмкіндік береді. Черутти таңдаған тәсілін “мәдениет жай ғана мұраға қалған нәрсе емес, ол сондай-ақ үздіксіз шығармашылықтың нәтижесі” деп негіздейді.

Мәдени контекст “акторлардың” өздерінің түсініктері тұрғысында анықталатын мұндай зерттеудің үлгісі ретінде Черутти өзінің жақында жарық көрген (“Скорый суд. Практики и идеалы правосудия в



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропология және микротарих  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

обществе Старого порядка. (Турин XVIII века) (орысша аудармасы, кітапқа кіріспе, қараңыз) кітабына сілтеме жасайды. Автордың негізгі назар аударатыны - XVIII ғасырдың бірінші жартысында Пьемонтта қарапайым сот процедурасымен қатар, табысты қазмет еткен, жеңілдетілген және жеделдетілген әділ сот жүйесі (giustizia sommaria). Арзан, қолжетімді және адвокаттың қатысуын талап етпеген бұл жүйеде әртүрлі дәстүрлер - табиғи құқықтың схоластикалық идеясы да, бэконияндық эмпиризм де қызық тоғысты. Идеялар мен тәжірибелердің бұл қоспасына дәуірдің өзіндік ерекшелікке ие контексті - қарапайым сот ісі формализміне және соттар мен адвокаттардың жүгенсіздігіне оппозиция күш беріп, өзектілігін арттырды. Өзі қарастыратын қоғамның “мәдени грамматикасының” кілтін таба білуі - италян зерттеушісі шеберлігінің көрсеткіші, ал оның кітабы - микроталдауды қолданудың бүгінгі замандағы сәтті үлгісі.

### Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналдар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodoloquy. Chicaqo, 1965.